

**Аблаева Эльмира Алимовнаның 8D08201 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бройлер балапандарын өсіруде стресске қарсы «Гидро Рекс витал» препаратын қолданудың тиімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

**РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/ н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p><u>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</u></p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	Аблаева Эльмира Алимовнаның 8D08201 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертация ғылымның даму бағыттарына (мал шаруашылығы сәйкес) келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Бұл зерттеу ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосып, оның өзектілігі диссертацияда қойылған міндеттер аясында толыққанды негізделген. Атап айтқанда, жылдың әртүрлі кезеңдерінде «Арбор Айкрес» кросс бройлер балапандарын өсіру барысында «Гидро Рекс итал» суда еритін антистрестік азық қоспасының ұтымды мөлшері ғылыми

			<p>тұрғыдан негізделген. Бұл азық қоспасының зоотехникалық көрсеткіштерге (өміршендік, өнімділік, азық шығындары, сою шығымы, ұша мен ет сапасы), сондай-ақ қанның морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштеріне әсері жанжақты зерделенген. Сонымен қатар, оны қолданудың экономикалық тиімділігі (түсім, өзіндік құн, пайда, рентабелдік) нақты айқындалған.</p> <p>Автордың жеке үлесі зерттеудің теориялық және эксперименттік бөлігін толық орындаудан, әдеби деректерге терең талдау жасаудан, ғылыми нәтижелерді қорытындылаудан және оларды ғылыми жарияланымдар түрінде рәсімдеуден тұрады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзіжазбаған.</p>	<p>Докторанттың өз бетінше ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілеті жоғары деңгейде деп бағаланады. Диссертациялық жұмыс қойылған талаптарға толық сәйкес келеді, рәсімделуі жөнінен жоғары стандарттарға сай және мемлекеттік тілде мінсіз жазылған. Диссертация аясында автордың жеке бастамасымен және тікелей қатысуымен кең көлемді ғылыми-тәжірибелік зерттеулер жүзеге асырылған. Зерттеу нәтижелері халық аралық және республикалық деңгейдегі беделді басылымдарда жарияланған. Бұл жетістіктер диссертациялық зерттеудің барлық кезеңдерінде докторанттың елеулі өзіндік үлесін айқындап, оның</p>

			жоғары ғылыми дербестігін айғақтайды.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертация тақырыбының өзектілігі жұмыста толыққанды әрі дәлелді түрде негізделген. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы мен өзектілігінің ғылыми-тәжірибелік тұжырымдамасы жүйелі түрде айқындалған. Диссертацияның әрбір тарауы жұмыстың ғылыми және практикалық нәтижелерін көрсете отырып, ішкі біртұтастық принципіне толық сай келеді. Бұдан басқа, зерттеу жұмысы алға қойылған мақсаттарға жету үшін тиісті тапсырмалар мен міндеттерді сауатты түрде жоспарлауға, оларды дәйекті орындауға және алынған нәтижелерді статистикалық өңдеуге негізделген.	
		1) <b><u>негізделген;</u></b>		
		2) ішінаранегізделген;		
		3) негізделмеген.		
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:		Диссертация мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбын толықтай айқындайды.
		1) <b><u>айқындайды;</u></b>		
		2) ішінара айқындайды;		
		3) айқындамайды.		
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкескеледі:		Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері қойылған тақырыпқа сәйкес келеді.
		1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b>		
		2) ішінара сәйкес келеді;		
		3) сәйкескелмейді.		
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан толық байланысқан. Өндірістік (құс фабрикасы) және лабораториялық жағдайда жүргізілген зерттеу нәтижелері			
1) <b><u>толық байланысқан;</u></b>				
2) ішінара байланысқан;				
3) байланыс жоқ.				

			ретімен баяндалып, қорытындыланған	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған:	Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер белгілі әдістермен салыстырылып, ғылыми тұрғыдан негізделген. Осыған байланысты, диссертацияда сындарлы талдау бар, себебі ұсынылған шешімдер жан-жақты салыстырылып, ғылыми негізде бағаланған.	
		1) <b><u>сыни талдау бар;</u></b>		
		2) талдау ішінара жүргізілген;		
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;		
		4) талдау жоқ.		
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңама?	Ғылыми деректер мен диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер және ережелер толығымен жаңа болып табылады.	
		1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>		
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
			3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
			5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңама?	Диссертацияның қорытындыларында келтірілген мәліметтер толығымен жаңа.
			1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>	
			2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
			3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
			5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және нақты деректерге негізделген.
		1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>		
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b><u>негізделген</u></b> /негізделмеген (qualitative research (куолитативресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеуде келтірілген барлық қорытындылар алынған ғылыми нәтижелерден туындаған, ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Диссертация қорытындысында келтірілген тұжырымдар, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындап,	

			дәлелдеме ретінде зертханалық және өндірістік зерттеулердің нәтижесінен алынған ақпараттармен сәйкес келеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелдендіме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалдыма?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) <b>жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңама?</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b>кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p>7.1 Диссертацияда ізденушінің тұжырым даған ережелері жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен дәлелденді.</p> <p>7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалды емес.</p> <p>7.3 Жаңа - иә</p> <p>7.4 Диссертациялық жұмысты орындау аясында алынған нәтижелерді қолдану аясы кең.</p> <p>7.5 Алынған нәтижелер шығарылған мақаларда толық қамтылып, дәлелденген.</p>

		<p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – <u>негізделген</u> немесе әдіснама нақты жазылған:	Әдіснаманы таңдауы негізделген және жұмыстың мақсат міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертацияда әдіснама нақты жазылған - иә
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		<p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ.</p>	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен және өндірістік сынақтардың актілерімен дәлелденген және расталған.
		<p><u>1) ия;</u></p> <p>2) жоқ.</p>	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.	Ізденуші таңдалған тақырып бойынша ғылыми әдебиеттерге жан жақты сараптама жасап, сілтемелерін растап, зерттеуде алынған нәтижелерді дәлелді тұжырымдаған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз.	

			мәселелерін жан жақты <b>жеткілікті</b> негіздіп сипаттаған.	
9	Практикалыққұндылыққағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Доктарант алғаш рет адаптациялық мүмкіндіктерді арттырып, құстың физиологиялық күйі мен өнімділігін артуына , стресс факторларын төмендететін қоспаларды қолдану құс шаруашылығы саласының дамуына жан-жақты толық ғылыми-зерттеу жүргізген.	
		<b>1) бар;</b>		
		2) жоқ.		
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:		Диссертацияның практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді практикада экономикалық тиімді құс етін өндіруде кең көлемде өндіріске ендіруге мүмкіндік береді.
		<b>1) ия;</b>		
		2) жоқ.		
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңама?		
<b>1) толығымен жаңа;</b>				
2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).				
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары, түсінікті, стилистикалық тәсілмен жазылған.	
		<b>1) жоғары;</b>		
		2) орташа;		
		3) орташадан төмен;		
		4) төмен.		
11	Диссертацияға ескертулер		1 Антистрестік қоспаның бройлер-балапандар ағзасына әсерін қорытындылау алдында теориялық тұжырымдаған жөн еді. 2 Диссертация мәтінінде грамматикалық және орфографиялық қателер кездеседі. Аталған ескертулер диссертацияның ғылыми құндылығын төмендетпейді.	

12	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Аблаева Эльмира Алимовнаның диссертация бойынша жазылған мақалалары зерттеу тақырыбы бойынша сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс тақырыбы бойынша 11 ғылыми еңбек жарияланды, оның ішінде 1 мақала SCOPUS базасына кіретін басылымда (процентиль - 63%), 6 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары Білім министрлігінің Ғылым және Жоғары Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 3 мақала Халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланды, сондай-ақ, авторлармен бірлесіп 1 пайдалы модельге патент шығарылды.</p>
13	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;</p>	<p>Аблаева Эльмира Алимовнаның «Бройлер балапандарын өсіруде стресске қарсы «Гидро Рекс витал» препаратын қолданудың тиімділігі» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысы ҚР ҒжБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған ғылыми жұмыс, ол «Дәреже беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп</p>

			<p>есептеймін және 8D08201- «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге толық лайықты деп санаймын.</p>
--	--	--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Ресми рецензент:**

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық -техникалық университеті»,  
биология ғылымдарының PhD докторы «Ғылым және технологияларды коммерциализациялау  
департаментінің тауар сатып алу бойынша сарапшы-маманы, аға оқытушы

 Ж. Н. Махимова

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық -техникалық университеті»,  
«Ветеринария және агротехнология» институтының қауымдастырылған профессоры, в.ғ.к., Ғалым хатшы

 С.М. Баянтасова



	
қолын куәландырамын.	
ПЖХ басқармасының басшысы	
20 26 ж.	10. 06
«ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚБҚА	